Мемлекеттік грант беру туралы
2024 жылғы «14» наурыз №17
Шарттың № 7 қосымшасы

**Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша қорытынды есеп**

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: **«ҚСА»Республикалық студенттер қозғалысы» ҚБ**
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): **Наукен Ұлан Аманқазыұлы**
3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: **Астана қ, Алматы ауданы, Иманов көшесі, 50 үй, 408 кеңсе, +7(747)9604825**

Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыты): **Ауылда азаматтық бастамаларды дамыту басым бағыты бойынша «Арқа кеңесі» ауыл азаматтарына арналған жергілікті басқару мектебі»**

---

4. Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: **1 сәуір 2024 жыл – 29 қараша 2024 жыл.**

---

5. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: **5 663 000 (бес миллион алты жүз алпыс үш мың) теңге**

---

**1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз**

*Гранттық шарттың №3 қосымшасына (Жобаның толық сипаттамасы) сәйкес жоспарланған индикаторларға қол жеткізу деңгейін көрсете отырып, әлеуметтік жобаны іске асыру шеңберінде жүргізілген барлық іс-шараларды егжей-тегжейлі сипаттау және талдау қажет.*

**1-міндет. ҮЕҰ-лар мен бастамашыл топтарда тұрмайтын, тиісті аумақты басқаруға және дамытуға еңбекке қабілетті жастағы жергілікті қоғамдастық азаматтарының қатысу деңгейін айқындау үшін фокус-топтық зерттеу жүргізілді.**

**1-іс-шара. Фокус топтық зерттеу жүргізу. Ауылдағы азаматтық қоғамды дамыту проблемаларын анықтау мақсатында ауыл әкімімен, сондай-ақ ішкі саясат басқармасының басшысымен және қызметкерлерімен кездесулер**

Жоба шеңберінде ауылдардағы азаматтық қоғамды дамыту мәселелерін зерттеу үшін фокус-топтық зерттеу жүргізіліп, ауыл әкімдерімен, ішкі саясат басқармасының басшыларымен және қызметкерлерімен кездесулер өтті. Бұл шаралар ауылдағы негізгі әлеуметтік мәселелерді, азаматтық белсенділік деңгейін және қоғамдастықтардың өзара ұйымдасуындағы кедергілерді анықтауға бағытталды.

Ауыл тұрғындарының азаматтық бастамаларды қабылдау деңгейін, қажеттіліктерін және мәселелерін анықтау, ауыл тұрғындарының қажеттіліктері мен проблемаларын зерттеу, азаматтық бастамаларға деген қолдау мен кедергілерді түсіну мақсатында фокус

топтық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Фокус топтық зерттеу жұмыстарына 22 адамнан құралған 4 топ қатысты. Жиында қатысушылар өз ауылдарындағы қоғамдасдықтарына қандай азаматтық бастамалар қажет екендігі жөнінде, азаматтық бастамаларға қатысу үшін қандай қиындықтар бар екендігі және өз бастамаларына қандай ресурстар немесе қолдау керектігі туралы ашық сұрақтар талқыланды. Бұл шаралар ауылдағы негізгі әлеуметтік мәселелерді, азаматтық белсенділік деңгейін және қоғамдастықтардың өзара ұйымдасуындағы кедергілерді анықтауға бағытталды. Сонымен қатар, ауылдардағы жағдайға жан-жақты талдау жүргізу үшін талдамалық есеп жасалды. Осы зерттеу нәтижелері негізінде ауылда азаматтық қоғамды дамытуға және әлеуметтік мәселелерді шешуге арналған нақты шаралар дайындалды. Жоба аясында орындалған нысаналы индикаторлар: Фокус топтық зерттеу жүргізілген, Фокус топ бойынша гайд, Талдамалық есеп және әлеуметтік желілерде 5 жариялым жасалған.

**2-іс-шара. ҮЕҰ-да және бастамашыл топтарда тұрмайтын еңбекке қабілетті жастағы жергілікті қоғамдастық азаматтарының тиісті аумақты басқаруға және дамытуға тартылу деңгейін айқындау (жобаны іске асырудың басы мен соңына)**

Жобаның келесі кезеңінде жергілікті тұрғындардың басқару және дамыту процестеріне тартылу деңгейін зерттеу басты назарда болды. Бұл үшін арнайы фокус-топтық зерттеу және сауалнама жүргізу ұйымдастырылды. Жобаны жүзеге асырмас бұрын алдымен, ауыл тұрғындарының белсенділігі және қоғаммен байланыс, ауылды дамыту идеяларын және жергілікті қауымдастық мәселелерін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілген. Респонденттердің жалпы саны – 1025. Ол Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданына қарасты 34 елді мекені. Сауалнама нәтижесін саралай келе, ауылдық аймақтарда бастамашыл топтардың белсенді еместігі, жергілікті басқаруға белсенді қатыспайтындығы және (ҮЕҰ үкіметтік емес ұйымдар) жөнінде хабардар еместігі анықталды.

Аталған мәселелердің оң шешімін табу және жоба мақсатының негізінде тұрғындардың өзін-өзі дамыту, басқару және қоғамдық белсенділік бойынша 20.11.2024 жылы бастапқы 1025 тұрғыннан сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесінде тұрғындардың жергілікті басқаруда қызығушылығы мен белсенділігі артқаны анықталған. *(сауалнаманың талдамасы қосымшада)*

Сауалнаманың нәтижесінде бастапқы белсенділікті анықтау барысындағы айырмашылық – 14,6% құрады, яғни жоба басында – 28,3% құраса (209 адам), жоба соңында – 42,9% (440 адам). Бұл ауылмен жүргізілген кешенді жұмыстың нәтижесі екені анық. Жобаны іске асыру барысында жүргізілген іс-шаралардың нәтижесінде бұл көрсеткіш айтарлықтай өзгерді. Атап айтқанда, жобаның соңында жергілікті тұрғындардың белсенділігі мен тартылу деңгейі артты. Бұл көрсеткіш жаңа құрылған ҮЕҰ-лар, белсенді азаматтар пулы, өткізілген оқыту семинарлары және қоғамдық жиындарға қатысушылар саны арқылы дәлелденді. Тұрғындардың жергілікті мәселелерді шешуге және аумақты дамытуға белсенді қатысуы жобаның негізгі жетістіктерінің бірі болды.

**3-іс-шара. Ауылдағы азаматтық қоғамды дамыту проблемаларын анықтау мақсатында ауыл әкімімен, сондай-ақ ішкі саясат басқармасының басшысымен және қызметкерлерімен кездесулер**

Ауылдағы азаматтық қоғамды дамыту мәселелерін тереңірек талқылау үшін кездесулер ұйымдастырылды. Бұл кездесулер ауыл әкімдерімен, ішкі саясат басқармасының басшыларымен және басқа да жауапты тұлғалармен өткізілді. Жоба басында Ұлытау облысы ішкі саясат басқармасының басшысы Дархан Мұқан Қабылдашұлымен, Жаңаарқа ауданы әкімінің орынбасары Аманжолов Әсет Жұмажанұлымен және басқа да жергілікті атқарушы орган өкілдерімен жалпы саны 7 адамды құрайтын кездесу өткізілді. Кездесулер барысында ауылдағы өзекті әлеуметтік мәселелер, тұрғындардың азаматтық бастамаларға тартылу деңгейі және қолданыстағы ҮЕҰ қызметінің тиімділігі талқыланды. Жергілікті билік өкілдері ауыл тұрғындарының қоғамдық белсенділігін арттыру үшін ұйымдастыру және

ақпараттық қолдаудың қажет екенін атап өтті. Сонымен қатар, азаматтардың өзекті мәселелерді шешуде жеткілікті ресурстар мен дағдыларға ие еместігі анықталды.

Осы кездесулердің нәтижесінде азаматтық қоғамды нығайтуға бағытталған іс-шаралар жоспары жасалды. Жергілікті билік пен жобалау командасы бірлескен күш-жігер арқылы ауыл тұрғындарының әлеуметтік белсенділігін арттыруға, жаңа ҮЕҰ құруға және азаматтардың жергілікті басқаруға белсенді қатысуына жағдай жасауға келісті.

**4-іс-шара. «Арқа кеңесі» ауылдық форумы (Жаңаарқа ауылындағы негізгі әлеуметтік проблемаларды, сондай-ақ өзін-өзі ұйымдастыру және жергілікті қоғамдастықтарды дамытудағы ықтимал кедергілерді анықтау мақсатында жергілікті ҮЕҰ, белсенді азаматтар, Бастамашыл топтар мен ЖАО қатысуымен 1 ауылдық форум өткізу)**

Жоба аясында Жаңаарқа ауылында «Арқа кеңесі» атты ауылдық форум ұйымдастырылды. Форумның негізгі мақсаты – ауылдағы негізгі әлеуметтік проблемаларды анықтау, сондай-ақ өзін-өзі ұйымдастыру мен жергілікті қоғамдастықтарды дамытудағы ықтимал кедергілерді талқылау болды.

Форумға жергілікті ҮЕҰ, белсенді азаматтар, бастамашыл топтар мен Жаңаарқа ауданының жергілікті атқарушы органы (ЖАО) өкілдері қатысты. Форумда «Dauletten» қорының директоры, ҮЕҰ бойынша эксперт, Қуандық Жасұлан Бостандықұлы және Жаңаарқа ауданы әкімінің орынбасары Аманжолов Әсет Жұмажанұлы сөз сөйледі. Барлығы 105 қатысушы жиналып, ауыл өміріндегі маңызды мәселелерді ашық талқылады. шешуде атқарушы билік пен ҮЕҰ-дың ықпалы талқыланды. Форум барысында ҮЕҰ ашуға ниетті бастамашыл топ өкілдері таныстырылды.

Форум барысында ауылда шешуді қажет ететін 6 өткір қоғамдық және әлеуметтік мәселе айқындалды. Бұл мәселелер ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға, қоғамның әлеуметтік белсенділігін арттыруға және жергілікті басқарудың тиімділігін нығайтуға бағытталған шешімдерді талап етеді.

Форум қорытындысы бойынша азаматтық қоғамды дамытуға бағытталған белсенділер пулын құруға, ЖАО мен ҮЕҰ арасындағы өзара әрекеттестік механизмін нығайтуға, сондай-ақ қоғамдық-мәдени өмір орталықтарын – «Community center» (қоғамдық орталық) құруға бағытталған ұсыныстар жасалды. Бұл орталықтар ауыл тұрғындарының ақпаратқа қолжетімділігін арттыру, әлеуметтік қызметтерді ұсыну және жергілікті қауымдастықтың дамуына ықпал ету үшін маңызды алаңдар ретінде қызмет етеді.

Сонымен қатар, Жаңарқа ауданының жастар ресурстық орталығының мәліметі бойынша, еңбекке қабілетті 18 бен 63 жас аралығындағы мүгедектігі бар адамдар саны 23 адамды құрайды. Осы азаматтарды еңбек нарығына интеграциялау мақсатында әлеуметтік және еңбек интеграциясын қамтамасыз ету бойынша бірқатар шаралар жүргізілд. Әсіресе, креативті индустрия саласында арнайы оқыту курстары ұйымдастырылды. Бұл курстар мүгедектігі бар азаматтардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және жаңа дағдыларды меңгеру арқылы олардың жұмысқа орналасу мүмкіндігін жоғарылатуға бағытталған. Курстарға қатысушылар графикалық дизайн мен цифрлық медиа саласында кәсіби дағдыларын дамытуға мүмкіндік алды.

Жаңарқа ауданында еңбекке қабілетті жастағы мүгедектігі бар адамдар үшін креативті индустрия саласында арнайы оқу курстары өткізілді. Барлығы 23 азамат қатысты, олардың 15-сі мансап орталығына тіркелген. Бұл курстар графикалық дизайн мен цифрлық медиа саласында кәсіби дағдыларды меңгеруге бағытталды. Оқыту бағдарламасы қатысушылардың еңбек нарығындағы мүмкіндіктерін кеңейтіп, оларға заманауи кәсіптер бойынша білім мен тәжірибе жинауға мүмкіндік берді.

**2-міндет. Жобаның бірыңғай ақпараттық ресурсын құру. Халықты ақпараттандыру**

**1-іс-шара. Сайт түріндегі интернет портал және қауымдастықтар ашу (Бір беттік сайт түрінде жергілікті интернет-порталды құру (немесе жетілдіру), сондай-ақ WhatsApp және Telegram әлеуметтік желілерінде қауымдастықтар құру)**

Жоба аясында жергілікті тұрғындардың ақпаратқа қолжетімділігін арттыру және ауылдық мәселелерді шешуде азаматтық белсенділікті көтеру мақсатында бір беттік сайт ашылып, Telegram және WhatsApp мессенджерлеріне 2 арнайы қауымдастық құрылды. http://arqakenesi.tilda.ws/

Интернет-портал арқылы ауыл тұрғындары жергілікті билік шешімдері, азаматтық бюджеттік ақпараттар, қоғамдық форумдар мен кездесулер жайлы жаңалықтармен танысуға мүмкіндік алды. Порталда барлығы 30 ақпараттық жарияланым жарияланып, тұрғындардан кемінде өтініштері қабылданды. Бұл сайт халықпен тиімді байланыс орнатуды, жергілікті әлеуметтік мәселелерді шешу үшін қоғамдық пікір алмасуды қамтамасыз етеді.

Telegram және WhatsApp қауымдастықтары арқылы тұрғындар өзекті мәселелер туралы сұрақтар қойып, ұсыныстарын білдіре алды. Бұл қауымдастықтарда 20-дан астам қатысушы белсенділік танытып, ауылды дамытуға қатысты 57 жарияланым жарияланды. Сонымен қатар, қауымдастықтар арқылы жергілікті билік шешімдері мен гранттар туралы хабарламалар таралып, тұрғындарды қоғамдық өмірге белсенді қатысуға ынталандырды.

Ақпараттық ресурстарды ілгерілету үшін жергілікті БАҚ пен әлеуметтік желілер арқылы белсенді ақпараттық науқандар жүргізілді. Сонымен қатар, ақпараттық QR кодтары бар билбордтар мен баннерлер орналастырылды. Билбордтар Жаңаарқа ауданы бойынша халық саны көп Жаңаарқа кенті мен Түгіскен ауылына 2 билборд пен баннер орнатылды. Халықты ақпараттандыру мақсатында қаланың адамдар ең көп шоғырланған аймағында орналастырылды. Аудан бойынша QR кодтары бар парақшалар таратылды. Бұл әрекеттердің барлығы жергілікті тұрғындарды портал мен қауымдастықтармен таныстыруға және оларды белсенді түрде пайдалануына бағытталған. Жаңаарқа ауданының ақпараттық қамту – 17 166.

**3-міндет. Жергілікті белсенділерді, бастамашыл топтарды және ҮЕҰ-ны өзін-өзі жүзеге асыруға үйрету**

**1-іс-шара. «Арқа кеңесі» Жергілікті өзін-өзі басқару мектебі» онлайн медиа мектебінің ашылуы. (10 оқыту бейнеролигін әзірлеу. «Арқа кеңесі» Жергілікті өзін-өзі басқару мектебі» онлайн мектебінің ашылуы және жұмысы)**

«Арқа кеңесі» Жергілікті өзін-өзі басқару мектебі ауылдағы белсенділерді, бастамашыл топтарды және ҮЕҰ-ны өзін-өзі жүзеге асыруға үйрету үшін ашылды. Бұл жоба аясында ауылдық аумақтарды дамытуға қатысатын азаматтарды қоғамдық басқару, жобаларды басқару және өзін-өзі ұйымдастыру саласындағы қажетті дағдылармен қамтамасыз ету мақсатында кемінде 10 оқыту бейнеролигі әзірленді. Бұл бейнероликтер әлеуметтік желілер, БАҚ және оқу мекемелері арқылы таратылды және 10 000-нан астам қаралым жинады. https://www.instagram.com/arqa_kenesi?igsh=MTJqNTR5azZweTg5bw==

Онлайн медиа мектебі арқылы ауылдағы азаматтар өздерінің қоғам алдындағы жауапкершіліктерін сезініп, жергілікті деңгейде тиімді өзгерістер жасауға ықпал ететін негізгі құралдар мен әдістерді меңгереді. Мектепке қатысушылар қоғамдық ұйымдардың жұмысын басқару, әлеуметтік мәселелерді талқылау, жобаларды қаржыландыру және тұрақты даму жолдары сияқты мәселелер бойынша теориялық және практикалық білім алады.

Оқыту бағдарламасы аяқталған соң, алынған білімнің тиімділігін бағалау және тыңдаушылардың ұсыныстарын жинақтау мақсатында қорытынды талқылау кездесуі ұйымдастырылды. Бұл офлайн шара коммуналдық орталық базасында өткізілді және оған Жаңаарқа ауданы ауылдарынан 33 қатысушы жиналды. Кездесу барысында ауылды дамытуға қатысты мәселелер талқыланып, бейнероликтерде ұсынылған әдістердің тәжірибелік қолданылуы туралы пікірлер айтылды. Әр қатысушының 30ға жуық пікірі тыңдалып, ұсынылған идеяларды іске асыру жолдарын талқылады. Оқыту барысында алынған дағдылар мен білім ауылдық аумақтардың дамуына бағытталған өзекті мәселелерді шешуде белсенді қолданылады, ал мектеп түлектері қоғамдық жұмысқа тартылған жастар мен белсенді азаматтар ретінде әлеуметтік өмірде өз орнын таба алады.

**4 міндет. Бастамашыл топтар мен жаңадан құрылған ҮЕҰ бастамаларын қолдау**

Бастамашыл Топтар мен Жаңадан Құрылған ҮЕҰ Бастамаларын Қолдау: «Сәтті Қадам» Байқауы

Жоба шеңберінде бастамашыл топтар мен жаңадан құрылған ҮЕҰ бастамаларын қолдауға бағытталған бірнеше маңызды іс-шаралар жүзеге асырылды. Бұл шаралар жергілікті азаматтардың әлеуметтік жобаларға қатысуын ынталандыру және олардың өз бастамаларын іске асыруға қажетті құралдармен қамтамасыз етуге бағытталды.

**1-іс-шара: «Сәтті қадам» қысқа мерзімді жобалардың жергілікті байқауөткізіп, 3 жеңімпазды марапаттау.**

Жоба аясында ауыл тұрғындары арасында «Сәтті қадам» атты қысқа мерзімді жобалар байқауы өткізілді. Байқаудың мақсаты – жергілікті бастамашыл топтардың әлеуметтік маңызы бар және тиімді жобаларын қолдау. Байқауға қатысқан жобалар жергілікті қоғамдастықтың дамуына оң әсер етуі тиіс болатын.

Байқауға кемінде 11 қатысушы өтінім берді. Олардың жобаларын бағалау және жеңімпаздарды анықтау үшін 1 конкурстық комиссия құрылды. Комиссияның жұмысы нәтижесінде іріктеуден өткен және үздік деп танылған 3 жоба жеңімпаз атанды. Байқау марапаттау рәсімі салтанатты түрде Жаңаарқа ауданы әкімдігінің орталық мәдениет үйінде өткізілді. Шараға ауыл белсенділері мен бастамашыл топ өкілдері жиналып, табыстау рәсіміне 24 тұрғын қатысты. «Сәтті қадам» байқауында жеңімпаз атанған жобалар:

1. «Аялы алақан» — балаларға арналған емдік массаж қызметін ұсынатын жоба, әлеуметтік қамсыздандыруға бағытталған.
2. «Таза Жаңаарқа» — ауыл көшелерінің қоқыссыз болуын қамтамасыз етуге бағытталған экологиялық жоба.
3. «Смарт Жаңаарқа» — ауыл азаматтарының цифрлық сауаттылығын арттыруды мақсат ететін жоба.

**2-іс-шара: Жеңімпаз жобаларды іске асыру**

Жеңімпаз жобалар 2 ай көлемінде жүзеге асырылып, ауыл тұрғындары үшін нақты нәтижелер берді:

- «Аялы алақан» жобасы балаларға арналған емдік массаж қызметін көрсету арқылы ауылдағы балаларының денсаулығын жақсартуға және олардың дамуына жағдай жасауға бағытталды. Көрсетілген көмек бойынша, ауыл азаматтыры әр түрлі мәселелермен келді: Көрсетілген көмек түрі:Профилактикалық массаж,Тыныс алу массажы, Бронхит, Церебралды сал ауруына (ДЦП) арналған массаж, Бала массажы мен ЛФК (емдік гимнастика). Профилактикалық массаж және т.б.

- «Таза Жаңаарқа» жобасы ауыл көшелерін тазарту және қоқысты сұрыптау арқылы экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталды.

- «Смарт Жаңаарқа» жобасы ауыл тұрғындарының цифрлық сауаттылығын арттыру үшін тренингте әлеуметтік қолдау бағдарламалары туралы ақпарат беру және оларға онлайн өтініш беру процесін түсіндіру Заңды тұлғалар үшін ЭЦҚ онлайн ашу Жер телімдері туралы ақпарат білуге арналды. Қойылған біршама сұрақтарға: Жеке тұлғалардың алдағы салық төлемдерін қарау және төлеу, Әлеуметтік қолдау бағдарламалары туралы ақпарат беру және оларға онлайн өтініш беру процесін түсіндіру, EGOV порталы арқылы ЭЦҚ кілтін қашықтықтан алу және т.б.

Жобалардың іске асырылуы барысында жергілікті қоғамдастықтың белсенділігі артты, ал ауыл тұрғындары үшін өзекті мәселелер шешілуде. Бұл шаралар жергілікті ҮЕҰ мен бастамашыл топтардың әлеуетін арттырып, олардың әлеуметтік бастамаларды жүзеге асырудағы рөлін нығайтуға мүмкіндік берді.

**5 міндет. Өңірде жобаның тұрақты дамуы үшін жағдай жасау**

Жобаның тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін өңірде бірқатар маңызды іс-шаралар жүзеге асырылды. Бұл шаралар ҮЕҰ-дың әлеуетін арттыру және олардың әлеуметтік жобаларды қаржыландыруға қатысу мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында ұйымдастырылды.

**1-іс-шара: Жоба қатысушыларын гранттар мен әлеуметтік тапсырыстарға өтінімдер жасау дағдыларына үйрету. Жаңа ҮЕҰ Тіркеу**

Жоба қатысушыларын гранттар мен әлеуметтік тапсырыстарға жобалар мен өтінімдер жасау дағдыларына үйрету бойынша арнайы оқыту курстары өткізілді. Оқыту курстарын ҮЕҰ өкілдері мен бастамашыл топтар қатысты. Оқыту барысында қатысушылар әлеуметтік тапсырыстарға өтінімдер дайындау техникасы туралы негізгі әдістер көрсетілді, жобаларды басқару, мониторинг және есеп беру дағдылары бойынша мысалдар қарастырылды. Осының арқасында қатысушылар жобалық ұсыныстарды дайындауға және түрлі әлеуметтік тапсырыстарға қатысуға дайын болды.

Жоба барысында жергілікті қоғамдастықтың қажеттіліктеріне жауап беру мақсатында жаңа ҮЕҰ-лар құрылуда. Жаңаарқа ауданы бойынша 5 бастамашыл топ бірігіп, 5 ҮЕҰ құжаттарын тіркелуде. Әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған ұйымдар мен бастамашыл топтар үшін тіркеу процесі жеңілдетілді, әрі оларды құқықтық түрде рәсімдеу үшін қажетті қолдау көрсетілді. Жаңа ҮЕҰ-лар өңірде тұрақты даму үшін маңызды рөл атқарып, ауыл тұрғындарының әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған жобаларды жүзеге асыра алады.

Осы шаралар нәтижесінде, өңірде үнемі жаңадан тіркелген ҮЕҰ-лардың санын арттыру және олардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету мүмкіндігі қалыптасты. Жаңа ұйымдар жергілікті билікпен, басқа да қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға және азаматтық қоғамның белсенділігін арттыруға көмектеседі.

**2-іс-шара: Жобаның белсенді қатысушыларын жергілікті атқарушы органдар жанындағы Қоғамдық кеңестердің құрамына енгізуге ауыл тұрғындары арасынан ұсыну.**

Жоба аясында өңірде азаматтық қоғамның белсенділігін арттыру және қоғамның әлеуметтік-экономикалық мәселелеріне қатысты шешімдер қабылдауға ауыл тұрғындарын тарту мақсатында бірнеше маңызды шаралар жүзеге асырылды. Бұл шаралардың бірі — жобаның белсенді қатысушыларын жергілікті атқарушы органдар жанындағы Қоғамдық кеңестердің құрамына енгізу үшін ауыл

тұрғындар арасынан 3 белсенді азаматты ұсындық. Жергілікті атқарушы органның шешімімен ұсынған 3 адамнан 2 тұрғын Қоғамдық кеңес құрамына қосылатындығын жеткізді. Олар ауылдың белсенді азаматтары Еділбай Айнұр Қынбатбекқызы мен Төлеутай Қуаныш.

Қоғамдық кеңестердің негізгі міндеті — жергілікті басқару жүйесіне азаматтардың қатысуын арттыру және қоғамның маңызды мәселелерін шешу үшін шешім қабылдауда белсенділік таныту. Бұл кеңестерде ауылдық қоғамдастықтардың өкілдері ұсынылып, олардың дауысы мен пікірлері жергілікті атқарушы органдардың қабылдайтын шешімдеріне әсер етуі қажет. Сондықтан жобаның белсенді қатысушыларын қоғамдық кеңестердің құрамына енгізу арқылы ауыл тұрғындарының жергілікті басқару мәселелеріне қатысуын қамтамасыз ете отырып, азаматтық қоғамның дамуына ықпал ету. Ауылдардың әлеуметтік проблемаларын шешуге бағытталған ұсыныстар мен шешімдер қабылдау процесіне белсенді азаматтар мен ҮЕҰ өкілдерін тарту. Қоғамдық кеңестерде ауыл тұрғындарының дауысы мен пікірі ескеріліп, жергілікті биліктің шешімдері ашық әрі жариялы болады.

Бұл процесс арқылы ауыл тұрғындары мен белсенді азаматтар жергілікті билік органдарымен тығыз байланыста жұмыс істей отырып, ауылдағы өзекті мәселелерді шешуге ықпал ете алады. Сонымен қатар, қоғамдық кеңестердің құрамында ауыл азаматтарының болуы — демократиялық принциптерді нығайтып, жергілікті басқару жүйесінің ашықтығы мен есептілігін арттыруға көмектеседі.

**6-міндет: Нәтижелі жобаларды танымал ету (Success Story)**

Бұл міндеттің негізгі мақсаты — ауылдағы азаматтардың жергілікті қоғамдастық проблемаларын шешуге қатысуының оң нәтижелерін көрсету және осы тәжірибелерді кеңінен тарату арқылы жобаның тиімділігін арттыру. Мұндай іс-шаралар азаматтық қоғамның дамуына үлес қосады, жергілікті мәселелерге қатысты сананың өзгеруіне ықпал етеді және тұрғындарды қоғамдық жұмысқа белсенді тартуды қамтамасыз етеді. Табысты хикаялар жинағы шығарылып, 10 белсенді азаматтар туралы ақпарат берілді.

**1-іс-шара: Жобаны танымал ету үшін оң нәтижелі кейс жинағын жасау**
**(азаматтардың жергілікті қоғамдастық проблемаларын шешуге қатысуының оң кейстерін (success story) әзірлеу)**

Бұл шара аясында ауыл азаматтарының жергілікті қоғамдастық проблемаларын шешуге қатысуының оң кейстері (success story) жинақталып, жария етілді. Кейбір оң мысалдар мен нәтижелер ауыл тұрғындарының белсенділігі мен олардың өзекті мәселелерді шешуге қатысуын көрсетеді. Әрбір кейс — ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал еткен, қоғамдық жұмысқа атсалысқан азаматтардың, бастамашыл топтар мен ҮЕҰ қызметкерлерінің табысты тәжірибелері болып табылады. Олар арқылы:

ҮЕҰ мен бастамашыл топтардың рөлін көрсету мақсатында арнайы табыс тарихы бойынша журнал жарық көрді. Журналда 10 кейс көрсетілген. Жаңаарқа ауданы бойынша 10 азаматтың жобамыз аясында жеткен жетістігі жөнінде сөз қозғалды. Үкіметтік емес ұйымдар мен белсенді азаматтарды әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектесу үшін қандай маңызды қадамдар жасағаны туралы ақпараттармен бөлісуіміз басқа ауылдардағы азаматтар мен бастамашыл топтарды да өз жерлерінде қоғамдық жұмысқа қатысуға ынталандырады.

**2-іс-шара: Қоғамдық жұмысқа ерікті ауыл азаматтарын тарту**

Бұл шараның аясында қоғамдық жұмыстарға қатысу үшін ерікті ауыл азаматтарын тарту жұмыс істелді. Ауылдардағы әр түрлі мәселелерді шешуге бағытталған жобаларға ерікті ретінде қатысу азаматтарға жауапкершілік сезімін қалыптастырады, сонымен қатар қоғамдық қызметтің маңыздылығын көрсетеді. Жаңаарқа ауданы бойынша ауылдардан жалпы саны 57 тұрғын қоғамдық жұмыстарға тартылды. Осы бағыттағы жұмыстар арқылы:

- Азаматтардың қоғамдық қызметке қатысуы: Жергілікті тұрғындарды қоғамдық жұмыстарға қатысуға тарту және олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыру.

- Жергілікті белсенділікті арттыру: Ерікті ауыл азаматтары жобаларды жүзеге асыруда белсенді қатысып, ауылдағы әлеуметтік мәселелерді шешу үшін өз үлестерін қосады.
- Қоғамдық жұмыстарды танымал ету: Бұл жұмыстар әлеуметтік желілерде таратылып, халық арасында танымал болды, азаматтардың қоғамды дамытуға бағытталған іс-әрекеттерін насихаттайды.

Бұл екі іс-шара жобаның нәтижелі нәтижелерін қоғамға көрсету, оның тиімділігін арттыру және азаматтарды қоғамдық жұмыстарға тарту арқылы жергілікті қоғамдастықтың дамуына үлес қосуға бағытталған.

**Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы**

**1-іс-шара.** Жобаны іске асыру туралы қорытынды жария презентация

Бұл іс-шара жоба аясында атқарылған жұмыстардың, қол жеткізілген нәтижелердің және олардың әсерінің қорытындысын қоғамға, сондай-ақ жобаға қатысушыларға таныстыру үшін ұйымдастырылған. Қорытынды жария презентацияның мақсаты — жобаның жетістіктерін көрсету, болашақта оның тиімділігін қамтамасыз ету үшін алынған тәжірибелерді талқылау және жобаға қатысушыларды ынталандыру болып табылады.

**Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс**

БАҚ-қа жоба туралы ақпараттар таратылды.

Бұл іс-шара жоба туралы ақпаратты кең ауқымда таратуды мақсат етеді, сондай-ақ оның қоғамдағы маңыздылығын көрсету үшін БАҚ құралдарын тиімді пайдалану арқылы жоба аясындағы маңызды оқиғалар мен жетістіктерді жариялауды қамтиды.

Әлеуметтік жобаны іске асыру туралы әлеуметтік желілердегі жарияланымдар қауымдастықтарда таратылды.

**Кестені толтырыңыз және алынған нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстырыңыз:**

| | |
|---|---|
| **Жобаның мақсаты:** | Ауылдық қоғамдастықтарды дамыту және жергілікті көшбасшылықты, қоғамдық белсенділікті және азаматтық қоғам институттарын дамыту арқылы Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданы ауылдарының әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуге азаматтарды тарту. |
| **Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:** | «Арқа кеңесі» ауыл азаматтарына арналған жергілікті басқару мектебі» жобасы аясында ауылдық жерлерде азаматтық қоғамды дамытуға және тұрғындардың жергілікті басқару процесіне белсенді қатысуына ықпал ететін көптеген маңызды нәтижелерге қол жеткізілді.<br>Жобаны іске асыру шеңберінде бір немесе одан да көп ауылдық елді мекендерді басқаруға және дамытуға ҮЕҰ-лар мен бастамашыл топта тұрмайтын еңбекке қабілетті жастағы жергілікті қоғамдастық азаматтарын тарту деңгейін кемінде 14,6%-ға ұлғайтылды (сауалнаманың нәтижесінде бастапқы белсенділікті анықтау барысындағы айырмашылық – 14,6% құрады, яғни жоба басында – 28,3% құраса (209 адам), жоба соңында – 42,9% (440 адам).<br>1. Қоғамдық белсенділікті арттыру: |

| | |
|---|---|
| | • Фокус-топтық зерттеулер арқылы тұрғындардың негізгі мәселелері мен қажеттіліктері анықталды, бұл азаматтардың басқаруға қатысу деңгейін нақты бағалауға мүмкіндік берді.<br><br>2. Әлеуметтік проблемаларды шешу:<br>• «Сәтті қадам» байқауының аясында үш жоба арқылы нақты мәселелер шешілді:<br>  o «Аялы алақан» – балаларға арналған емдік массаж жасау жобасы.<br>  o «Таза Жаңаарқа» – ауыл көшелерін қоқыстан тазарту және экологиялық мәдениетті қалыптастыру жобасы.<br>  o «Смарт Жаңаарқа» – ауыл азаматтарының цифрлық сауаттылығын арттыру жобасы.<br>• Жобалардың жүзеге асуы ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартты.<br><br>3. Цифрлық сауаттылық пен ақпараттық ашықтықты дамыту:<br>• Интернет-портал және Telegram, WhatsApp топтары іске қосылды.<br>  o Бұл платформалар арқылы тұрғындардың өтініштері қабылданып, жергілікті басқару органдарының жұмысы туралы ақпарат таратылды.<br>  o Ауыл халқы цифрлық құралдарды пайдалануға тартылды.<br><br>4. Азаматтық және құқықтық сауаттылықты арттыру:<br>• 10 бейнесабақ әзірленіп, тұрғындарға таралды. Сабақтар жергілікті басқару, көшбасшылық, ҮЕҰ құру және жобаларды қаржыландыру тақырыптарын қамтыды.<br>• Қорытынды бейнесабақ нәтижесінде азаматтар жобалық өтінімдерді өздері әзірлеуге мүмкіндік алды.<br><br>5. Белсенді азаматтардың рөлін арттыру:<br>• Белсенді азаматтардың пулы құрылды, олар ауылдың өзекті әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған.<br>• Жаңаарқа ауданында 1 ауылдық форум өткізіліп, белсенділер мен жергілікті атқарушы органдар арасында өзара іс-қимыл күшейді.<br>• Жоба барысында 5 жаңа ҮЕҰ құрылуда. Бұл ұйымдар ауылдардың әлеуметтік және экономикалық мәселелерін шешуге бағытталған. |

| Міндет | Міндет шеңберіндегі іс-шаралар | Өткізілетін күні мен орны | Қатысушылар саны | (Іс-шараларға) қол жеткізілген қысқа мерзімді нәтижелер | Сандық және сапалық көрсеткіштер (іс-шараларға) | Индикаторлар | | Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | жоспар | нақты | |
| 1. ҮЕҰ-лар мен бастамашыл топтарда тұрмайтын, тиісті аумақты басқаруға және дамытуға еңбекке қабілетті жастағы | Фокус топтық зерттеу жүргізу.<br><br>Ауылдағы азаматтық қоғамды дамыту проблемаларын анықтау мақсатында ауыл әкімімен, сондай-ақ ішкі саясат басқармасының | сәуір – қараша 2024 жыл Жаңаарқа ауданы. | 22 | Тиісті аумақты басқару мен дамытуға еңбекке қабілетті жастағы жергілікті қоғамдастық азаматтарының қатысу деңгейін анықтау мақсатында ҮЕҰ-лар мен бастамашыл топтардан тыс фокус-топтық | Фокус топ | 1 | 1 | Жобаны іске асыру аясында 4 адамнан тұратын команда құрылды, оның ішінде жоба жетекшісі, жоба координаторы, қоғаммен байланыс жөніндегі маман және бухгалтер. Әлеуметтік желілер мен медиа ресурстардағы ақпаратты жылжыту |
| | | | | | Фокус топ бойынша гайд | 1 | 1 | |
| | | | | | Респонденттер тізімі | 1 | 1 | |
| | | | | | Талдамалық есеп | 1 | 1 | |
| | | | | | Әлеуметтік желіде жарияланымдар | 1 | 1 | |
| | | | | | Фото | 5 | 5 | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| жергілікті қоғамдастық азаматтарының қатысу деңгейін айқындау үшін фокус-топтық зерттеу жүргізу<br>. | басшысымен және қызметкерлерімен кездесулер | | | зерттеу жүргізіліп, нәтижесінде азаматтардың қатысу әлеуеті мен негізгі мәселелері айқындалып, қоғамдастықтың белсенділігін арттыруға бағытталған нақты ұсыныстар жасалды. | Бейнеролик саны (кемінде 1 мин) | 1 | 1 | және бағыттау үшін SMM менеджері тартылды. |
| | ҮЕҰ-да және бастамашыл топтарда тұрмайтын еңбекке қабілетті жастағы жергілікті қоғамдастық азаматтарының тиісті аумақты басқаруға және дамытуға тартылу деңгейін айқындау (жобаны іске асырудың басы мен соңына) | | 1025 | Жобаны іске асырудың басы мен соңында 1025 респондеттің тартылу деңгейі анықталып, олардың белсенділігін арттыруға қажетті негізгі қажеттіліктер мен мәселелер талданды. | Сауалнама жүргізу | 2 | 2 | ҮЕҰ-да және бастамашыл топтарда тұрмайтын еңбекке қабілетті жастағы жергілікті қоғамдастық азаматтарының тиісті аумақты басқаруға және дамытуға тартылу деңгейін айқындау мақсатында Жаңаарқа ауданы тұрғындары арасында 2 тілде сауалнама жүргізілді. |
| | | | | | Инструментарий | 1 | 1 | |
| | | | | | Респонденттер тізімі | 1 | 1025 | |
| | | | | | Жергілікті қоғамдастық азаматтарының қатысу деңгейін анықтау бойынша талдамалық есеп | 2 | 2 | |
| | Ауылдағы азаматтық | | 7 | | Кездесулер саны | 1 | 1 | 2024 жылғы 19 мамырда Ұлытау |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | қоғамды дамыту проблемаларын анықтау мақсатында ауыл әкімімен, сондай-ақ ішкі саясат басқармасы қоғамдық даму басқармасының басшысы және қызметкерлерімен кездесулер | | | | | | | облысы Жаңаарқа ауданы әкімінің орынбасарымен кездесу өткізілді, онда «Арқа кеңесі» жобасы таныстырылды, сондай-ақ ауылдағы азаматтық қоғамды дамыту мәселелері мен мүмкіндіктері талқыланды. Ауылда іске асырылып жатқан МӘТ-ға ұсыныстар жасалды. Ауылдың қоғамдық кеңесінің жұмысы талқыланды. Сондай-ақ, 2024 жылғы 19 мамырда Жаңаарқа ауданы әкімдігінің ішкі саясат басқармасының басшысымен кездесу өткізіліп, онымен ауылдың әлеуметтік мәселелері, шешу жолдары және жалпы үкіметтік емес сектордың жұмысы талқыланды. Ауылда бөлінетін МЖС бағыттары бойынша |
| | | | | | Қатысушылар тізімі | 1 | 1 | |
| | | | | | Қатысышулар саны | 2 | 7 | |
| | | | | | Бағдарлама | 1 | 1 | |
| | | | | | Фото есеп | 5 | 5 | |
| | | | | | Презентация | 1 | 1 | |
| | | | | | Ауданның қажеттіліктерін талдама есеп | 1 | 1 | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | ұсыныстар жасалды. |
| | «Арқа кеңесі» ауылдық форумы *(Жаңаарқа ауылындағы негізгі әлеуметтік проблемаларды, сондай-ақ өзін-өзі ұйымдастыру және жергілікті қоғамдастықтарды дамытудағы ықтимал кедергілерді анықтау мақсатында жергілікті ҮЕҰ, белсенді азаматтар, Бастамашыл топтар мен ЖАО қатысуымен 1 ауылдық форум өткізу)* | | 105 | «Арқа кеңесі» ауылдық форумы аясында Жаңаарқа ауылындағы негізгі әлеуметтік проблемалар, өзін-өзі ұйымдастырудағы және жергілікті қоғамдастықтарды дамытудағы ықтимал кедергілер анықталды, форумға жергілікті ҮЕҰ, белсенді азаматтар, бастамашыл топтар мен ЖАО өкілдері қатысып, ортақ шешімдер мен ұсыныстар әзірленді. | Өткізілетін форум саны | 1 | 1 | Ағымдағы жылдың маусымында 100 адамның қатысуымен «Арқа кеңесі» ауылдық форумы ұйымдастырылды. Форумға ауылдың белсенді жастары, еріктілер, жергілікті ҮЕҰ және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері қатысты. Форумда жоба, оның мақсаттары мен міндеттері таныстырылды. Мемлекеттің азаматтық қоғамды дамыту саласындағы саясаты талқыланды. ҮЕҰ жұмысы және қаржыландыру жолдары талқыланды. Форум қорытындысы бойынша қатысушылар арасында өз ҮЕҰ |
| | | | | | Форум қатысушыларының саны | Кемінде 100 адам | 105 | |
| | | | | | Қатысушылар тізімі | 1 | 1 | |
| | | | | | Форум бағдарламасы | 1 | 1 | |
| | | | | | Фото есеп | 10 | 10 | |
| | | | | | Форум бейнеролигі | 1 | 1 | |
| | | | | | Хаттама | 1 | 1 | |
| | | | | | Анықталған нақты мәселелер | 5-7 | 6 | |
| | | | | | Белсенділер пулын құру | 1 | 1 | |
| | | | | | Меморандум саны | 3 | 3 | |
| | | | | | ЖАО жіберілген хат | 1 | 1 | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Әлеуметтік желідегі және БАҚ жарияланым | 1 | 2 | ашып, қоғам игілігі үшін жұмыс істеуге ниет білдірушілер пайда болды. |
| | | | | | Community center тұжырымдамасы | 1 | 1 | |
| | | | | | Креативті индустрия нысандары арқылы әлеуметтік және еңбек интеграциясы бар еңбекке қабілетті жастағы мүгедектегі бар адамдардың үлесін кемінде | Кемінде 50% | Кемінде 50% | |
| 2 міндет. Жобаның бірыңғай ақпараттық ресурсын құру. Халықты ақпараттанды ру | Бір беттік сайт түрінде жергілікті интернет-портал құру, сондай-ақ WhatsApp және Telegram әлеуметтік желілерінде қауымдастықтар құру | 1 сәуір 2024 жыл-29 қараша 2024 жыл | | Жергілікті интернет-портал бір беттік сайт түрінде құрылып, халыққа қажетті ақпарат қолжетімді етілді, сондай-ақ WhatsApp және Telegram әлеуметтік желілерінде қауымдастықтар | Бір беттік сайт ашу | 1 | 1 | «ARQA KENESI» бір беттік сайты құрылды. Ауыл тұрғындарын ақпараттық қолдау және оқыту бейнелерін тарату үшін Whatsapp «Арқа кеңесі» мессенджерінде қоғамдастық құрылды. Жобаның барысы туралы |
| | | | | | Telegram және WhatsApp қауымдастықтар құру | 2 | 2 | |
| | | | | | Telegram және WhatsApp қауымдастықтард ағы қатысушылар саны | 20 | 44 | |

| | | | | | | | | |
